

«Келісемін»
Хромтау ауданының
білім бөлімінің басшысы
 Катниязова Н.С.
« » 2023ж



«Бекітемін»
Сарысай орта мектебінің
директоры
 Нурмуханов Н.С.
« » 2023ж



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023– 2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары**

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылында «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1-6, 8-9 сынып аралығында 82 білім алушы оқиды.

2023-2024 оқу жылында «Сарысай орта мектебі» КММ білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құжаттарды негізге ала отырып, оқу жұмыс жоспары жасалды.

Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) **1-4 сыныптар үшін 11 – қосымшасы, 5-6, 8-9 сыныптар үшін 16 – қосымшасы** бойынша оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жасалды.

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық топтарында, 1-10 сыныптарда білім білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдары басшылыққа алынып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- ✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен, 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен, 2023 ж. 8 тамыздағы №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- ✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- ✓ «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 07 тамыздағы № 248 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- ✓ «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

(БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 25 сәуірдегі №3 хаттама).

Шағын жинақты мектептер үшін:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 4-тарауы 1 параграфына сәйкес «Сарысай орта мектебі» КММ шағын жинақталған мектеп болып табылады. 2023-2024 оқу жылында біріктірілген сыныптар жоқ.

Жұмыс оқу жоспарының негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру.

1. Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

1-3 сынып білім алушыларының математикалық сауаттылығын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Логика әлемі» аптасына 1 сағаттан жүргізіледі.

2 сынып білім алушыларының каллиграфиялық дағдысын дұрыс қалыптастыру мақсатында «Көркем жазу» аптасына 1 сағат жүргізіледі.

4 сынып білім алушыларының логикалық ойлауын, қиялын дамыту мақсатында «Қызықты математика» аптасына 1 сағат жүргізіледі.

1-4 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» білім алушылардың белсенділігін арттыруға (қозғалыс ойындары) курсы бөлінген. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен).

2. Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

Негізгі орта білім берудің (5-6 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталады.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында оқу пәндерінің комбинациясын таңдау 8-9 кластардың оқу жоспарының вариативті бөлігін жасауда инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынды.

8 сыныпта «География» - 1 сағат, «Биология» - 1 сағат, «Қазақ тілі» - 1 сағаттан жүргізіледі.

9 сыныпта «География» - 1 сағат, «Биология» - 1 сағат, «Алгебра» - 1 сағаттан жүргізіледі.

5-8 сыныптарда вариативтік компоненттен аптасына 0,5 сағат, 9 сыныпта аптасына 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы ұсынылған

5-9 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған спорттық ойын түрлері (волейбол, футбол, баскетбол) курсы бөлінген. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен).

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

Мектептегі мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары (5 жастағы балалар)

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті | Аптадағы өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|-------|--|-------------------------|------------------------------|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка**** | күн сайын | |
| 8 | Барлығы | | 20 сағат |

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылдың 18 тамыздағы
№264 бұйрығына 11-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына 11-қосымша

Бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспары

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|-------------------------------|---|-------------------------------------|-----------|-----------|-----------|----------------------|---------------|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | апталық | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | | | | |
| | Тіл және әдебиет | 6 | 9 | 11 | 11 | 37 | 1252 |
| 1 | Әліппе, Ана тілі | 6 | - | - | - | 6 | 198 |
| 2 | Қазақ тілі | - | 4 | 4 | 4 | 12 | 408 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | - | 3 | 3 | 3 | 9 | 306 |
| 4 | Орыс тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 204 |
| 5 | Шетел тілі | | | 2 | 2 | 4 | 136 |
| | Математика және информатика | 4,5 | 5 | 6 | 6 | 21,5 | 726,5 |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | 608 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 1 | 1 | 1 | 3,5 | 118,5 |
| | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 203 |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 203 |
| | Адам және қоғам | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 135 |
| 9 | Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 135 |
| | Технология және өнер | 3 | 3 | 2 | 2 | 10 | 337 |
| 10 | Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 135 |
| 11 | Көркем еңбек | | | 1 | 1 | 2 | 68 |
| 12 | Еңбекке баулу | 1 | 1 | | | 2 | 67 |
| 13 | Бейнелеу өнері | 1 | 1 | | | 2 | 67 |
| | Дене шынықтыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 270 |
| 14 | Дене шынықтыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 270 |
| | Инварианттық оқу жүктемесі | 17,5 | 21 | 24 | 24 | 86,5 | 2923,5 |
| Вариативтік компонент | | | | | | | |
| | Таңдауы бойынша сабақтар | 1 | 2 | 1 | 1 | 5 | 169 |
| | Логика әлемі | 1 | 1 | 1 | | 3 | 101 |
| | Көркем жазу | | 1 | | | 1 | 34 |
| | Қызықты математика | | | | 1 | 1 | 34 |
| | Дене шынықтыру: спорттық ойындар | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 135 |
| | Вариативтік оқу жүктемесі | 2 | 3 | 2 | 2 | 9 | 304 |
| | Ең жоғарғы оқу жүктемесі | 19,5 | 24 | 26 | 26 | 95,5 | 3227,5 |

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№412 бұйрығына 13-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына 16-қосымша

Негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспары

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|-----------------------------------|--|-------------------------------------|------------|------------|-----------|----------------------|-------------|
| | | 5 | 6 | 8 | 9 | Апталық | Жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | | | | |
| | Тіл және әдебиет | 11 | 11 | 10 | 10 | 42 | 1428 |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | 3 | 2 | 2 | 10 | 340 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 272 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 408 |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 408 |
| | Математика және информатика | 6 | 6 | 5 | 5 | 22 | 748 |
| 5 | Математика | 5 | 5 | - | - | 10 | 340 |
| 6 | Алгебра | - | - | 3 | 3 | 6 | 204 |
| 7 | Геометрия | - | - | 1 | 1 | 2 | 68 |
| 8 | Информатика | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 136 |
| | Жаратылыстану | 2 | 2 | 7 | 7 | 18 | 612 |
| 9 | Жаратылыстану | 2 | 2 | - | - | 4 | 136 |
| 10 | Физика | - | - | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 11 | Химия | - | - | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 12 | Биология | - | - | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 13 | География | - | - | 1 | 1 | 2 | 68 |
| | Адам және қоғам | 3 | 3 | 3 | 4 | 13 | 442 |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 272 |
| 15 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 136 |
| 16 | Құқық негіздері | - | - | - | 1 | 1 | 34 |
| | Технология және өнер | 3 | 3 | 1 | 1 | 8 | 272 |
| 17 | Музыка | 1 | 1 | - | - | 2 | 68 |
| 18 | Көркем еңбек | 2 | 2 | 1 | 1 | 6 | 204 |
| | Дене шынықтыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 272 |
| 19 | Дене шынықтыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 272 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 27 | 27 | 28 | 29 | 111 | 3774 |
| Вариативтік компонент | | | | | | | |
| | Жаһандық құзыреттілік | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 2,5 | 85 |
| | Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер* | - | - | 3 | 3 | 6 | 204 |
| | Биология | | | 1 | 1 | 2 | 68 |

| | | | | | | |
|----------------------------------|------|------|------|----|-------|------|
| География | | | 1 | 1 | 2 | 68 |
| Алгебра | | | | 1 | 1 | 34 |
| Қазақ тілі | | | 1 | | 1 | 34 |
| Элективті курстар | | | | | | |
| Дене шынықтыру: спорттық ойындар | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 136 |
| Вариативті оқу жүктемесі | 1,5 | 1,5 | 4,5 | 5 | 12,5 | 425 |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | 28,5 | 28,5 | 32,5 | 34 | 123,5 | 4199 |

Журналда «06» бет
Журнал тігілді, номерленді, мөрмен бекітілді.
Мектеп директоры: Н.С. Нурмуханов

